

Қостанай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 637 "Қазақстан Республикасы Президентігіне, Парламент депутаттығына, мәслихаттар депутаттығына, ауылдық округтер, ауылдар және Затобол кенті әкімдеріне кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жай беру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 362 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 шілдеде № 7952 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 311 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 21.05.2019 № 311 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 637 "Қазақстан Республикасы Президентігіне, Парламент депутаттығына, мәслихаттар депутаттығына, ауылдық округтер, ауылдар және Затобол кенті әкімдеріне кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жай беру туралы" қаулысына өзгерістер (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5075 болып тіркелген, 2014 жылғы 19 қазанда "Арна" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасындағы 2, 7, 12 реттік нөмірлері жолдары жаңа редакцияда жазылсын:

"

2	Еңбек ауылы	Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Еңбек ауылының негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
---	-------------	---

";

,"

"

7	И.Ф. Павлов атындағы ауыл	Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің "И.Ф. Павлов атындағы ауылының орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
---	---------------------------	---

";

,"

"

12	Қостомар ауылы	Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Семенов орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
----	----------------	---

".

2. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдіктің қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Қостанай ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай ауданының әкімі

К. Ахметов